

Климаттың өзгеруі

Көміртегі ізін азайту туралы кеңестер

МЕКТЕПТЕ

Бұл постерді мектепте немесе үйдің кіреберісінде іліп қойыңыз. Достарыңыз бен таныстарыңызға осы кеңестер туралы айтыңыз.

Климаттың өзгеруіне қарсы күреске **ҚАТЫСЫҢЫЗ!**

ӘР КҮНГЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

Су шүмегін мықтап жабыңыз.

Заттарға мұқият қараңыз, содан кейін оларды көп уақыт пайдаланасыз.

Принтерді сирек қолданыңыз, қағазды үнемдеңіз.

Қалдықтарды қайта өңдеу үшін сұрыптаңыз.

Қайта өңделетін немесе қайта өңделуі мүмкін заттарды қолданыңыз.

Табиғат пен ресурстарды **САҚТАҢЫЗ!**

МЕКТЕПКЕ БАРАР ЖОЛДА, ДЕМАЛЫСТА, САПАРЛАРДА

Жиі жаяу және велосипедпен жүріңіз.

Қоғамдық көлікті пайдаланыңыз. Басқа қалаға барған кезде, егер ол өте алыс болмаса, ұшаққа емес, пойызға артықшылық беріңіз.

Көміртегі ізін **АЗАЙТЫҢЫЗ!**

ДҮКЕНДЕ

Сіз ата анаңызбен бірге дүкенге барған кезде:

- Өз сөмкеңізді алыңыз, бір реттік қаптаманы азырақ пайдаланыңыз;
- Энергияны аз тұтынатын тұрмыстық электр құрылғыларын сатып алыңыз;
- Жергілікті азық-түлік өнімдерін сатып алыңыз, тасымалдауға аз энергия жұмсалатын транспортқа мініңіз.

Көміртегі ізін **АЗАЙТЫҢЫЗ!**

Көміртегі ізі-бұл энергетикалық ресурстарды пайдалану немесе сатып алу кезінде адам қалдыратын барлық парниктік газдардың жалпы шығарындылары.

СО₂ (көмірқышқыл газы) - климаттың өзгеруіне әсер ететін негізгі парниктік газ. Ол қазба отындарын: энергия үшін пайдаланылатын мұнай, көмір және табиғи газды жағу арқылы атмосфераға шығарылады. Сонымен, энергия мен ресурстардың күнделікті шығындарын азайту арқылы сіз СО₂ шығарындыларын азайтып, планетаға көмектесе аласыз. Мұны қалай жасауға болады? Кеңестерді оқыңыз - **АЗАЙТЫҢЫЗ! ҚАТЫСЫҢЫЗ! САҚТАҢЫЗ!**

АЗАЙТЫҢЫЗ! ҚАТЫСЫҢЫЗ! САҚТАҢЫЗ!

ҮЙДЕГІ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

- Қыста электр жылытқыштарын пайдаланбау үшін пәтерді немесе үйдің сыртын қаптаңыз.
- Жарықты өзіңізден кейін өшіріп жүріңіз.
- Энергияны үнемдейтін шамдарды қолданыңыз.
- Ұялы құрылғыларға арналған зарядтағыштарды пайдаланбаған кезде розеткадан өшіріңіз.
- Компьютерді, теледидарды және басқа электр құрылғыларын күту режимінде қалдырмаңыз, қосу/өшіру түймелерін пайдаланыңыз немесе оларды желіден ажыратыңыз.
- Кірді 30-40 градус температурада жууға тырысыңыз.
- Тоңазытқышты ашпас бұрын не алғыңыз келетінін алдын ала ойланыңыз.
- Қажет болатын су мөлшерін ғана қайнатыңыз.
- Пісіру кезінде кастрюльді қақпақпен жабыңыз, сонда 2,5 есе аз энергия жұмсалады.

Көміртегі ізін **АЗАЙТЫҢЫЗ!**



Климаттық
қобдиша

